

3 Сергелдеңге салған тасқын су



4 Журналистер бильярдтан бақ сынады



# Сыр бойы

30 сәуір, сейсенбі 2024 жыл

№66 (20740)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

t.me/syrboyi\_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

## «ТУҒАН ЖЕРІМІЗДІ ТАЗА ҰСТАУЫМЫЗ КЕРЕК»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысып, елордадағы «Ұлытау» аллеясында ағаш отырғызды.

Сонымен қатар Президент заң мен тәртіп үстемдігі бәріне қатысты екенін айтып, вандализммен батыл түрде күресу қажет екеніне назар аударды.

– Біз өз елімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Мейлі ол көше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын, бәріне ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Әр нәрсенің шегі бар. Әйтпесе, бәрін бүлдіріп алып, кейіннен кешірім сұрайды. Елімізде тәртіп болуы керек. Заңды сақтау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Ботаникалық бақты аралап, жалпықалалық сенбілікке қатысып жатқан тұрғындарға, елорданың коммуналдық шаруашылық мекемелерінің қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

Сенбілік барысында Президентке Астана қаласын абаттандыру және көгалдандыру жоспары таныстырылды.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл 1,1 миллион жасыл желек, соның ішінде қала аумағында 35 мың, елорданың жасыл белдеуі аймағында 200 мың түп көшет отырғызу жоспарланған.

Сонымен қатар қаладағы 170 қоғамдық орынды, оның ішінде Есіл өзенінің бойын, Ақбұлақ жағалауын, сондай-ақ Триатлон парк, Бейбітшілік және келісім сарайы, ЭКСПО маңын абаттандыру жұмыстары жалғасады.

Астана әкімі былтыр елорданы көгалдандыру жарғысы қабылданғанын атап өтіп, атаған құжатқа сәйкес егілген жасыл желекті 3 жылға дейін күтіп-баптау міндеті жүктелетінін және үлкен ағаштар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызуға басымдық берілетінін жеткізді.

Бұдан бөлек, Президентке «Мыңжылдықтар аллеясын» дамыту жоспары және Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық барысы жөнінде баяндалды.



Президентпен бірге сенбілікке волонтерлер, «Ассамблея жастары» ұйымының өкілдері, еліміздің ғылым, креативті индустрия, мәдениет, спорт салаларындағы белсенді жастар және алдағы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысушылар, Президенттік жастар кадр резервінің мүшелері аталысып, жөке ағашының 430 түп көшетін екті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен әңгімелесу барысында қоғамда экология мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялау маңызды екенін атап өтті.

– Шын мәнінде, елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызды бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмы-

тып кететін біртүтес науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл – жалпыұлттық мәселе. Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ, ең алдымен, Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек. Бұл күнделікті өмір салтына айналуы қажет. Сондай-ақ бұл жұмыс елорда және ірі қалаларда ғана емес, шағын қалаларда, аудандар мен ауылдарда да ұдайы ұйымдастырылады. Бүкіл Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жастарға байланысты. Мен жастарға сенемін. Сондықтан жастарға зор үмітпен қараймын, – деді Мемлекет басшысы.

## ТАҒЫ БІР АПТАЛЫҚТЫҢ ШЕШУШІ СӘТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысты. Бұл акция барлық өңірде жалғасын тауып, Сыр елінің жұртшылығы да белсенділік танытты.

«Рәміздер алаңы» аумағында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұрғөре Жүсіп бастаған бір топ Сенат депутаттары ағаш көшеттерін отырғызды.

Айта кетейік, Сыр өңіріндегі сенбілікке қала, аудан әкімдері, департамент, басқарма басшылары түгелдей атсалысып, қоршаған ортаны көркейтуге жұмылды. Сенбілік барлық аудандар мен елді мекендерде ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған республикалық экологиялық акцияның «Жасыл аймақ» апталығы қорытындыланды.

Акцияның үшінші аптасында саябақтар, скверлер, парктер мен аллеялар аумағы абаттандырылып, көкестан тазартылды. Ағаш отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Еске салсақ, Сыр өңірінде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Таза Қазақстан – таза аймақ» науқаны бастау алған болатын.

Акция 5 кезең бойынша өтуде. Әр аптаға «Таза



өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» тақырыптық атаулары берілген.

Жалпы облыс көлеміндегі көркейту-көгалдандыру және санитарлық-тазалық сенбіліктері барлық елді мекенде көктемнің алғашқы күні 1 наурыздан бері өтуде.

Республикалық акцияның «Жасыл аймақ» апталығының қорытындысы бойынша облыс орталығы мен аудандарда 7000-ға жуық көшет отырғызылған.

/// ДЕНСАУЛЫҚ

## «АҢСАҒАН СӘБИ» МАҚСАТЫНА ЖЕТТІ МЕ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында отбасылық-демографиялық ахуал зор алаңдаушылық тудырып отырған мәселе екенін айтып, нақты міндеттер жүктеген еді.



Айлақ дереккөзі негізінде дайындалған Б.Салмағұра

«Өкінішке қарай, Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы бала сүйе алмай отыр. Сауалнама көрсеткендей, отандастарымыздың 20 пайызға жуығы мұны ажырасуға негіз болатын елеулі себеп деп санайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының еліміздегі халық санының өсіміне қатысты болжамы Орталық Азиядағы көршілес мемлекеттермен салыстырғанда көңіл көншітпейді. Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын 7 мыңға дейін, яғни 7 есе көбейту қажет» деп нақты тапсырма берді.

Осылайша 2021 жылдан елімізде қосалқы репродуктивті технологиялардың көмегімен отбасылық-демографиялық проблемаларды шешуге жәрдемдесу мақсатында «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасы іске қосылды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2021 жылы аймаққа 281 квота бөлініп, толық игерілді. Сол жылы ЭҚҰ арқылы 119 бала туып, 3 отбасында егіздер дүниеге келді. Ал 2022 жылы бағдарлама бойынша 277 квота бөлінсе, былтыр 274 квота берілген. Биыл бөлінген квота саны – 270.

2-бет

/// САЙЛАУ

## Орталық сайлау комиссиясы Парламент Сенатының депутатын тіркеді



Кеше Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының «Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына 2024 жылғы 25 сәуірде сайланған депутатты тіркеу туралы» қаулысын қабылдау бойынша отырысы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 12, 45, 46 және 82-баптарына сәйкес, Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына 2024 жылғы 25 сәуірде болған сайлаудың қорытындыларын анықтау және жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 26 сәуірде №26/30 қаулысының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Наурызбай Сейтқалиұлы Байқадамовты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты ретінде тіркеуге қаулы етті.

Сондай-ақ осы күні Орталық сайлау комиссиясында Н.С.Байқадамовқа Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының куәлігі мен төсбелгісін табыс етті.

/// ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## БІРТУҒАНДАРДЫҢ БІРЕГЕЙ ҚҰРМЕТІ

Астанада, Қырғыз Республикасы Президенті Садыр Жапаровтың ресми сапары аясында Қырғызстанның Мемлекеттік хатшысы Сүйүнбек Қасымбетов қазақстандық мәдениет және өнер қайраткерлеріне мемлекеттік марапаттар табыстады.



Қырғызстан Президентінің Жарлығымен бауырлас екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін құрметке ие болған қайраткерлермен бірге Сыр елі перзенттері – ҚР Президентінің кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жұмаханұлы Омаров «Достық» орденімен, республикалық «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, бұқаралық журналының бас редакторы, белгілі ақын Нұрлыбек Саматұлы Сафин «Даңқ» медалімен марапатталды.

Бұл марапат Б.Омаровқа қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын дамытып, Халықұл Байұлы, Арыс-

танбек Биладұлы, Молдақылыш, Алдамшолда, Молланияз секілді заманғы қырғыз ақындарын қазақ әдебиетінің зарзаман ақындарымен салыстыра зерттеген ғылыми еңбектері үшін лайықталды.

Н.Сафинге қырғыз әдебиеті өкілдері туындыларын республикалық «Таң-Шолпан» журналында үзбей жариялап, туысқан ақындарды насихаттаған белсенділігі үшін берілді.

Біртуғандардың бірегей құрметіне лайық болған жерлестерімізді марапаттарымен құттықтап, руханиятқа баянды қызмет ете берулеріне тілектестік білдіреміз.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы



Валюта бағамы

\$ 443,35 kzt

€ 475,54 kzt

₸ 4,82 kzt

Ауа райы

+12° +29°

+14° +21°







## ЖУРНАЛИСТЕР БИЛЬЯРДТАН БАҚ СЫНАДЫ

«Сыр бойы» газетінің 95 жылдығы аясында «Сыр медиа» ЖШС және Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының ұйымдастыруымен ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, белгілі қаламгер Оразбек Мақсұтұлының еске алуға арналған бильярдтан турнир өтті.

Жиынға облыстық қоғамдық даму басқармасы басшының орынбасары Артур Қамбаров, «Сыр медиа» ЖШС директорының міндетін атқарушы Марат Аралбаев, облыстық «QZYLYORDA» телеарнасының басшысы Нұрбек Әмиша және сала қызметкерлері мен қаламгердің туыстары қатысты. Шара барысында Оразбек Мақсұтұлының қызметіне әрі замандас достары естелік айтып, оның кәсіби қыры мен адами болмысы туралы толымды пікір білдірді.

Оразбектің таным-түсінігі, қаламгерлік қабілеті қарымды еді. Өрбір ізденісі жүйелі еңбекке құрылғанымен құнды болатын. Бүгінгі буын үлгі аларлық кәсіби дағды, шығармашылық әлеует ерек сезілетін. Сондықтан қаламгерді қатарластар ғана емес, жас өрен де ерекше қадірлеп, есімін ұлықтап келеді, – деді Қазақстанның Құрметті журналисі Қайырбек Мырзахметұлы.

Журналистер арасында ұйымдастырылған долада түрлі БАҚ өкілі бой көрсетіп, өзара мықтыны анықтады. Тастаяқ тартысында үміткерлер жеребе арқылы жұпталып, басым түскені жеңіске жақындады.



Сайыс қорытындысы бойынша ІІІ орынды «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Аяшұлы, ІІ орынды баспахана маманы Шыңғыс Бекішов иеленсе, І орын «QZYLYORDA» телеарнасының тілшісі Қозы Көрпеш Жасаралұлына бұйырды. Женімпаздарға қаржылай сыйлық тасталды.

Жиын соңында Оразбек Мақсұтұлының отбасы мүшелері сөз сөйлеп, баласы Берік Оразбекұлы мен бауыры Орынбасар Әліпов турнирге қатысушыларға алғыс білдірді.

Турнирге «Альбион» демалыс кешені, Мұхит Кәрімбаев, Бауыржан Әуесінов, Бақыт Қаюмов, Қуаныш Әжібеков сынды О.Мақсұтұлының замандастары мен інілері демеушілік жасады.

Белгілі журналист Оразбек Мақсұтұлының еңбек жолын еске түсірсек, ол ұзақ жыл бойы Сырдария аудандық газетінде, облыстық телерадиокомитетте, облыстық «Сыр бойы» газетінде қызмет еткен.

1996 жылдан бастап өмірінің

соңына дейін «Сыр бойы» газеті бас редактордың бірінші орынбасары болды.

Талантты журналисті ұрпақ жадында жаңғыртуды мақсат еткен БАҚ өкілдері арасындағы бильярд турнирі биыл бесінші мәрте өткізілді.

«СБ» ақпарат

### ДЕНСАУЛЫҚ

Көпбейінді облыстық аурухананың нейрохирургия бөлімшесінде жыл сайын мыңға жуық пациент емделуде, оның алты жүзінше ота жасалады. Ең күрделілерінің бірі – ми мен жұлынға ісікті алу.

## НЕЙРОХИРУРГТАР ОМЫРТҚАДАҒЫ ІСІКТІ АЛЫП ТАСТАДЫ



76 жастағы Қышпақбай Қалмахановты дәрігерлер шұғыл түрде ауруханаға жатқызды. МРТ және КТ зерттеу кезінде бел омыртқасында экстрадуральді ісік анықталды. Пациентке ота жасалды. Ісік қатерсіз. Енді асқақал өз аяғымен жүріп жүр.

«Тәжірибелі дәрігерлер қазір жоқ болса да, таныс арқылы ота жасайды» деп жиі естиміз. Бірақ олай емес екен. Осы күнге дейін хирург Шыңжырбай Оразмаханұлы туралы білеміз. Оған және оның жанымыз тобына қосылғанды үшін мың алғыс! Мұндай күрделі ота маған тегін жасалды. Осындай мықты дәрігерлеріміз көп болсын, – дейді Қ.Қалмаханов.

Жыл сайын облыстық нейрохирургтармын мен жұлдыңа 150-ге жуық ота жасайды. Дәрігерлер еліміздің жетекші нейрохирургтарының, шетелдік мамандардың шеберлік сыныптарына қатысып, кәсіби дағдыларын жетілдіреді. Бөлімше жаңа

жабдықтармен, құралдармен толықтырылған.

Дәрігерлер атап өткендей, мұның барлығы денсаулық сақтау саласын дамытудың және МӘМС жүйесіндегі қаржыландырудың ықпалы.

Біз мұндай оталарды әлі жасамаған кезде пациенттеріміз шетелдік мамандарға жүгінуге мәжбүр болды. Мысалы, Израильде омыртқаға ота 25-50 мың доллар тұрады. Қазақстанда 2,5 млн теңге. МӘМС аясында сақтандырылған пациенттерге осындай оталарды, диагностикалық тексерулерді тегін жүргіземіз, – деп атап өтті жоғары санатты дәрігер, ҚР Денсаулық сақтау үздігі, нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Шыңжырбай Оразмаханұлы.

Биыл аймақта нейрохирургиялық оталарға әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 178 млн теңге бөлінді.

«СБ» ақпарат

## Мамыр айында ауа райы қандай болады?

Алдағы айда ауаның орташа айлық температурасы +21 +23 градус болады деп күтілуде, яғни нормадан +1 градуска жоғары. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазгидромет» РМК облыс бойынша филиалының бөлім басшысы Әйгерім Жөкелова хабарлады.

Мамырдың бірінші онкүндігінде ауа температурасы түнде +7 +12 градустан +12 +17 градуска дейін, күндіз +23 +28 градустан +28 +33 градуска дейін, облыстың оңтүстігінде +37 градуска дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде +5 +10 градуска дейін, облыстың оңтүстігінде +13 градуска дейін, күндіз +23 +28 градуска дейін, облыстың солтүстік-батысында +20 градуска дейін төмендейді. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы түнде +17 +22 градуска дейін, күндіз +35 +40 градуска дейін, облыстың оңтүстігінде +43 градуска

дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде +10 +15 градуска дейін, күндіз +26 +31 градуска дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде +15 +20 градустан +10 +15 градуска дейін, күндіз +31 +36 градустан +26 +31 градуска дейін, облыстың оңтүстігінде түнде +23 градустан +18 градуска дейін, күндіз +39-дан +34 градуска дейін ауытқуы болжанады, – деді ол.

Маманның айтуынша, жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың батысында норма шамасында болмақ. Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі.

«СБ» ақпарат

### Хабарландыру

«Сырлария-1» КС» ЖШС 2024 жылдың 10 мамыр күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің Жарғылық қорын көбейту, Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, бекіту туралы.

2. Серіктестіктің қатысушылары үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несиелі лимитін бөлу, Жарғылық капиталын бекіту және өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы.

3. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырлария-1» КС» ЖШС әкімшілігі,  
(БИН: 040 540 001 348)

### Хабарландыру

«Транс Азия Констракшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2024 жылдың 29 мамыр күні жергілікті уақыт 16.00-де серіктестік мүшелерінің кезекті жиналысы Қызылорда қаласы, Е.Көшербаев көшесі, 94 үйде өтетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің 2023 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі жөнінде есеп беруі
2. Ревизиялық комиссияның есеп беруі
3. Өртүрлі.

Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»

### ФУТБОЛ



## «ҚАЙСАРДЫҢ» АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІ

Қызылордалық «Қайсар» өткен сенбіде өз алаңында Алматының «Қайратын» қабылдады.

Төрт тур бойы жеңіс кілтін таба алмаған жерлеріміз бұл жолы жанкүйер көңілінен шығатын ойын өткізді. Тәжірибелі қарсыласын қапы қалдырып, биылғы біріншіліктегі алғашқы үш ұпайына қол жеткізді.

Қызылордалық футболшылар алғашқы үш турда бірде-бір ұпай ала алған жоқ. Оның екеуінде өз алаңында қарсыластар ығына жығылды. Бұл жергілікті жанкүйерлер тарапынан реніш туғызғаны жасырын емес. Оған команда басшылығы «Әзірге футболшылар арасында түсінбеушілік бар. Олардың көбісі клубқа биыл қосылды. Алдағы ойындарда ұпай олжалауға күш саламыз» деген уәдесін бергенін білеміз. Турнир кестесінде он үшінші орында тұрған «Қайсар» үшін жеңіс ауадай қажет екені анық еді.

Доп доласының дүбірі естілген сәтте «Қайрат» басшылығы чемпион атағын жеңіп алуға күш салатынын жеткізді. Әрине, оған барлық мүмкіндік бар. Өз шәкірттері мен тәжірибелі легионерлер команда құрамына енгізілді. Десе де алты турдан кейін жағдай мез емес. Небәрі сегіз ұпаймен турнир кестесінің бел ортасында тұр.

«Қайсардың» бас бапкері Виктор Кумыков алғашқы минуттан жергілікті түлектерден Думан Нәзілбаев, Елжас Алтынбеков, Өркен Махан сынды футболшыларға сенім артты. Сондай-ақ олардың қатарына бұдан бұрын негізгі құрамда алаңға шықпай жүрген Горан Милойко қосылды. Қалғаны «Қайсар» сапында тұрақты түрде ойындарға қатысып жүрген футболшылар еді. Ал қарсылас ұжымда Жоао Паоло, Элдер Сантана, Виктор Васин секілді шетелдік шеберлер және «Қайраттың» академиясында тәрбиеленіп шыққан жас таланттар жасыл алаңға шықты.

Алғашқы минуттан қос команда ашық шабуылға көшті. Екеуінің де есеп ашатын бірнеше мүмкіндігі болды. Бірінші кезеңде «Қайсар» сапынан Өркен Махан қақпашымен бетпе-бет шығып, өз мүмкіндігін мүлтік жіберіп алды. Ал алматылық клубтың өткір шабуылына қызылордалық шабуылшылар тойтарыс берді.

Екінші кезеңде де ойын барысы дәл осылай өрбіді. Соған қарамастан таблодағы есепке өзгеріс енген жоқ. Төреші қосқан қосымша бес минут түгелісер тұста «Қайсар» шабуылшысы Айбар Жақсылықов алматылық қақпашы Данил Устименконың өрескел кәтелігін пайдаланып, жаңа командасы сапындағы алғашқы голын соқты.

Осылайша қызылордалық команда биылғы біріншіліктегі алғашқы жеңісін тойлап, турнир кестесінде он бірінші орынға көтерілді. Енді жерлеріміз алдағы ойынын 5 мамырда сырт алаңда Қарағандының «Шахтер» командасына қарсы өткізеді.

Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Меншік иесі

СЫР  
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ  
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
ҚАУТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АК» - ақилы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.